

СТУДЕНТТИК АПТАЛЫҚ




STUDENTS WEEK 2020



16-21
ҚАРАША





TALQYLAYK пікірсайыс турнирі






- ▶ "Атамекен" ИПК ұйымдастыруымен "Talqylyayk" атты институт аралық пікірсайыс турнирі өтті. Университетіміздің әр институтынан 12 білім алушы қатысып, өзара бақ сынасты.
 - ✓ Волонтер өз жұмысы үшін ақшалай сыйлық алуы қажет д.е.
 - ✓ Олайн оқуды тұрақты тәжірибеге айналдырады.
 - ✓ Ұлттық пікірсайыс қозғалысы Жастар саясатының көшін бастау керек д.е. атты тақырыптар төңірегінде ой жарыстырған студенттердің арасында оқ бойы озып, Өнер және Мәдениет институтының "Қыран" фракциясы (Даулетова Айгерім, Шайыз Алмерек) жеңіске жетті! Барша қатысқан жандарға алғыс білдіреміз!

ЖЫРЛАЙДЫ ЖҮРЕК

- JasOtan JK ұйымдастыруымен Көрнекті ақын, артына өшпес із қалдырған Жүмекен Нәжімеденовтың өмірі мен шығармашылығына шолу жасап, студенттер арасында насихат жүргізу мақсатында атаулы шара онлайн форматта жақсы деңгейде өткізілді. Жүмекен Нәжімеденовтің өлеңдері арқылы студенттерді әсемдікке, елжандылықтың маңызын түсіндіріп, поэзия әлеміне шолу жасалды. Кеш барысында ақын Жүмекеннің өлеңдері оқылып, студенттер өз шығармашылықтарынан арнау өлеңдерін арнады. Ән мен күй де кеш барысында көрініс тауып өз деңгейінде аяқталды. Айтулы шараға Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы Ділдәбек Дидарбек қатысып, өзінің тілек-лебізін білдірді.



ҮШТІЛДІЛІК - ЗАМАН СҰРАНЫСЫ




- «Jas Otan» Жастар қанатының ұйымдастыруымен «ҮШТІЛДІЛІК-ЗАМАН СҰРАНЫСЫ» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Бүгінгі таңда «Тіл» мәселесі өзекті, әлемде халқы үш тілді мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі». Осы пайдаланатын үштілділіктің біздің қоғамға берер пайдасы мен кері әсері, тұжырымдаманың тиімділігі мен біздің болашағымыз үшін маңыздылығы туралы ой-пікірлерімізді ортаға салдық.




- Көптілді білім беру – көптілді тұлғаны қалыптастырудың негізі. Үштілді оқыту – заман талабы. Үштілділік – бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспалдақтардың бірі. Осыны студенттер арасында кеңінен түсіну және талқылау іс-шара мақсаты болып табылды. Айтулы шараға Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы Ділдәбек Дидарбек қатысып, өзінің ой-пікірімен, тұжырымдарымен бөлісті.



"OYLIKE" ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ОЙЫНЫ



- ▶ "Атамекен" ИПК ұйымдастыруымен "Ойlike" атты институт аралық интеллектуалды ойын өтті. Университетіміздің әр институтынан 5 білім алушы қатысты. 5 институт студенттері арасында өз білімін жоғары деңгейде көрсете білген МФЖИ институтының 1 курс студенті Серик Алтын жеңіске жетті! Барша қатысқан жандарға алғыс білдіреміз!






“GEEK TIME FEST” ВИКТОРИНАЛЫҚ ОЙЫНЫ



- ▶ Студенттік апталық аясында 17 қараша күні “Киноман” клубының ұйымдастыруымен “Geek Time Fest” викториналық ойыны өткізілді. Викториналық ойынды Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы Д.Ж. Ділдәбек ашып, барша қатысушыларға сәттілік тіледі. Викториналық ойын “балл жинау” үлгісінде өтіп, іс-шараны Киноман клубының жетекшісі Курманалиев Артык жүргізді.





- ▶ Викторина қызықты әрі тартысты өтті. Ойын барысында жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар атанып Өнер, Мәдениет және Спорт институтының 1 курс студенті Жумабек Аружан басып озды. Барша қатысушыларға үлкен алғыс білдіреміз!!!



«СЕН БІЛЕСІҢ БЕ ?» ВИКТОРИНАЛЫҚ ОЙЫНЫ




Викториналық жарысты жүргізген "Бірлік" Ассамблеясының студенттері Абдушакиров Азиз және Сүлейменова Бахор. Қазылар алқасында Тарих және құқық институтынан тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Нұрболат Манапбаев, Филология және көптілді білім беру институтынан Гүлназ Нүптекеева, Ассамблея кафедрасынан Әли Ағыбаевтар төрелік жасады.



- ▶ Қазақстан халқы ассамблеясы кафедрасының ұйымдастыруымен “Сен білесің бе ?” атты викториналық ойыны өтті. Викторинаға Абай атындағы ҚазҰПУ институттарынан өзге ұлт өкілдері Молочиева Лазина, Адилова Хадича, Алиева Гюзэл, Боловиева Анджелика, Омар Фируза, Ярқұл Айгүл, Курбанова Малика, Рамилям Рафаилқызы өзге ұлт өкілдері қатысып, ойын қызықты әрі тартысты өтті. Іс шараны Қазақстан халқы ассамблея кафедрасының меңгерушісі Шаһарман Гүлжиһан Пішенбайқызы ашып, сөз кезегін Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы Ділдәбек Дидарбек Жұмағалиұлы жалғастырып барша қатысушыларға сәттілік тіледі!

“МЕН ЕРІКТІМЕН!” СЕМИНАР-ТРЕНИНГІ





- ▶ Almaty Volunteers еріктілер ұйымының ұйымдастыруымен “Мен еріктімен!” атты тақырыбында семинар-тренингі өтті. Семинар барысында еріктілердің өмірі мен жұмыс барысы көрсетіліп, атқарылған жұмыстар туралы ақпарат берілді . Іс-шараға Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы Д.Ж. Ділдәбек және Almaty Volunteers ұйымының координаторы Аманкелді Диана Байекеқызы қатысып, еріктілер ұйымының жұмыстары мен алдағы жоспарлар туралы мәлеметтер айтылды.





ҮЗДІК СӨӨБК ТӨРАҒАСЫ(-АЙЫМЫ)

ОНЛАЙН БАЙҚАУЫ

▶ Студенттік апталық аясында институтаралық Үздік өзі-өзі басқару ұйымының төрағасы(-йымы) байқауының жеңімпазы Өнер, мәдениет және спорт институтының СӨӨБҰ төрайымы Мұхтар Жұлдызай Нұржанқызы атанды !



KINO TIME кино көрсетілімі



- Жастар ісі жөніндегі комитет ұйымдастыруымен Кино көрсетілімі өтті. Көптен күткен бұл жағдай студенттердің көңілінен шықты. Іс шарада жалпы 100-ден аса студент қатысты. Іс-шара барлық санитарлық-эпидемиялогиялық талаптарға сай өткізілді.